САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Пән** | Қазақ тілі (орыстілді сыныпта) |
| **Мұғалім** | Досмағамбетова Әсемгүл Осқарбайқызы |
| **Мектеп, сынып** | Павлодар қаласы, НЗМ ХББ 7-сынып |
| **Сабақ тақырыбы** | Ауа райы |

www.bilimland.kz

| | | |
|---|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сілтеме:** | Т3  сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну<br>А6 визуалды материал арқылы тілді дамыту | |
| **Оқу мақсаты:** | - тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;<br>- жаңа сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру. | |
| **Жетістік критерийлері:** | - бейнежазбадағы жаңа сөздерді, сөз тіркестерін жазып алып, сөздікпен жұмыс жасайды;<br>- тапсырмаларда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын түсінеді;<br>- жаңа сөздерге сүйеніп, сурет бойынша әңгіме құрастырады. | |
| **Алдыңғы тақырып:** | Саяхат. Көрікті жерлер. | |
| **Сабақ кезеңдері:** | **Жоспарланған іс-әрекеттер** | **Ресурстар** |
| **Сабақтың басы**<br>**2  минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**3 минут** | **Сергіту сәті:** «Танысу» ойыны. Сыныпта ішінде жүріп, ір адамға қол беріп амандасыңыз. Осы кезде қарапайым сөздерді үнемі қайталаңыз: «Салем, қалың қалай?». Бірақ, бұл ойында қарапайым ереже бар: қатысушылардың біреуімен амандасып тұрып, сіз қолыңызды тек екінші адамға қол бергеннен кейін ғана бірінші адамның қолын жібере аласыз. Басқаша айтқанда, ойын аяқталғанша, сіз топтағы адамдардың біреуімен үнемі байланыста болуыңыз керек.<br><br>**Топқа бөлу:** "Молекула" ойыны арқылы жүзеге асырылады. Шарты: мұғалім "2 молекула" деп айтса, екі-екіден тұра қалады, "3 молекула" деп айтса, үш-үштен тұрады. Осылай жалғаса береді.<br>**Миға шабуыл. Жұмбақ жасыру.**<br><br>1. Көзге ілінбейді,<br>Жұтсаң білінбейді (Ауа). | <br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>1-5 слайд |

| | | |
|---|---|---|
| **1 минут** | 2. Қолы жоқ, сурет салады,<br>Тісі жоқ, тістеп алады (Аяз).<br>3. Көктен түседі,<br>Жер ішеді (Жаңбыр).<br>4. Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады (Жел).<br>5. Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тоңады (Қар).<br>Балалар, сонымен бүгін сабақтың тақырыбы қандай болады деп ойлайсыңдар?<br>Оқушылармен бірге бірлесіп мақсат айқындалады. Жетістік критерийлерімен таныстыру. | |
| **Сабақтың ортасы**<br>**6 минут**<br>+<br>**5 минут** | **Мұғалім:** үш топқа әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар ұсынылады. Сендер әрқайсыларың топқа берілген бейнежазба мен оның негізінде құрылған тапсырмаларды орындау керексіңдер. Ең алдымен бейнежазбаны мұқият тыңдап шығыңдар. Одан кейін таныс емес сөздерді дәптерлеріне жазып алып, сөздіктен аудармасын табыңдар. Топтық жұмыс орындалып болғасын, видеодағы ақпаратты қаншалықты түсінгендігін анықтау үшін тапсырмалар беріледі. Сол тапсырмаларды орындау керек.<br><br>**1-топ. imektep.kz** сайтынан "Ауа райы" бейнежазбасын мұқият тыңдаңдар. Жаңа сөздерді дәптерлеріңе жазып алып, сөздіктен аудармасын іздеңдер. Бейнежазбаның астында берілген тапсырмаларды орындаңдар. (3 деңгей)<br>Қисын бойынша артығын тауып, жауаптар қорабына салыңыз<br><br>http://imektep.kz/iw_1094<br>Сұрақтардың дұрыс жауабын тауып белгілеңіз<br>http://imektep.kz/iw_1095<br>Тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыстығын анықтаңыз<br>http://imektep.kz/iw_1449<br><br>**2-топ. twig-bilim.kz** сайтынан "Ауа райының түрлері: Жаңбыр" бейнежазбасын мұқият қарап, сөздікпен жұмыс жасап, төмендегі тапсырмаларды орындаңдар (2-деңгей). | iMektep<br>http://imektep.kz/aua-rayi<br><br>Twig BILIM<br>https://twig-bilim.kz/film/factpack-weird-weather-5472/<br><br>BILIM Land<br>http://bilimland.kz |

<table>
<tr>
<td>10 минут</td>
<td>
<br>
Twig<br>
ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР • АУА РАЙЫ • СУ<br>
Ауа райының түрлері: Жаңбыр<br>
Негізгі<br>
• Бұлт деген не?<br>
A – жаңбыр массасының будағы<br>
B – су буларының будағы<br>
C – мұз кристалдары мен жылу ағындарының будағы<br>
• Су молекулалары атмосферада ненің бетіне тартылады?<br>
A – тозаңдар мен тозаңшалардың<br>
B – жанартау күлі бөлшектерінің<br>
C – өттегі бөлшектерінің<br>
• Бір жаңбыр тамшысы пайда болу үшін қанша су буының тамшылары қажет?<br>
A – 1 миллион<br>
B – 1000<br>
C – 100<br>
• Жауынның қандай үш түрі бар?<br>
A – конвекционды, рельефті және термальды<br>
B – конденсация, фронтальды және рельефті<br>
C – конвекционды, фронтальды және рельефті<br>
Тереңдетілген<br>
• Келесі тұжырымдардың қайсысы бұлттардың түзілуі туралы емес?<br>
A – жылы ауа жоғары көтеріліп, су булары суып, конденсацияланады да, су тамшылары қалыптасады<br>
B – жылы ауа жоғары көтеріліп, ауа бөлшектері суып, конденсацияланады да, су тамшылары қалыптасады<br>
C – суық ауа жоғары көтеріліп, су булары суып, конденсацияланады да, су тамшылары қалыптасады<br>
• Ыстық экваторлық климатқа қандай жауын түрі тән?<br>
A – конвекционды жауын, себебі Күн сәулесі Жер бетін және оның үстіндегі ауаны қыздырады да, ауаны жоғары көтереді, ол кейін суып, су булары конденсацияланады<br>
B – конвекционды жауын, себебі Күн экватор маңындағы көлдер мен теңіздерді қыздырады, буланған су жаңбыр бұлттарын түзеді<br>
C – рельефті жаңбыр, себебі бұл ендікке биік рельеф тән<br>
• Фронтальды жауын дегеніміз не?<br>
A – жылы және суық ауа массалары кездесіп, жылы ауа жоғары көтеріледі де, суиды<br>
B – ауа райылық фронт мұхиттар бойымен қозғалып, ылғалды бойына тартып, құрлыққа жеткенде өзіне жинайды<br>
C – жылы ауаның екі массасы кездесіп, химиялық реакциялар арқылы жаңбыр тудырады<br>
8<br><br>
3-топ. bilimland.kz сайтынан "Климат дегеніміз не?" бейнежазбасын мұқият тыңдап, сөздікпен жұмыс жасап, төмендегі тапсырмаларды орындаңдар (1-деңгей).<br>
Тапсырма: өз қаламыздың климаттық өзгеруін бейнежазбадағы ақпараттарды қолдана отырып ауызша айтыңдар.<br><br>
Сабақ барысында жазып алған жаңа сөздерді пайдаланып, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастырыңдар<br>
<br>
<br>

</td>
<td>/index.php/kz/<br><br>http://imektep.kz/aua-rayi</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың аяғы<br>5 минут</td>
<td>"Синквейн" әдісін қолданып "Ауа райы" тақырыбына 5 жолды өлең құрастырып көріңдер.<br>
1 зат есім<br>
2 сын есім<br>
3 етістік<br>
4 синоним<br>
5 сөйлем</td>
<td></td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td>Бағалау<br><br>5 минут</td><td>Оқушылар бір-бірін топ ішінде негіздемелерін келтіре отырып бағалайды. Мұғалім жетістік критерийлер арқылы әр оқушыны бағалайды.</td><td>жетістік критерийлері</td></tr>
<tr><td colspan="3">Рефлексия: (3 минут) "Ойлаудың алты қалпағы" әдісі негізінде, қалпақтың тиісті түсін таңдап, өз ойын стикерге жазады.<br><br>
</td></tr>
</table>

| **Бөліп оқыту, Көбірек қолдау көрсету үшін Сіз не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушылар алдында қандай міндеттерді қоюды жоспарлайсыз?** | **Бағалау – Оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалайша тексеруді көздейсіз?** | **Пәнаралық байланыс**<br>**Денсаулық пен қауіпсіздік ережелері**<br>**АКТ**<br>**Құндылықтармен байланыс (тәрбие)** |
|---|---|---|
| 1. *Сабақ барысы саралап оқытуға бағытталған. 1,2,3 деңгейге байланысты бейнежазбалар үлестіріліп, оларға негізделіп жасалған тапсырмалар берілді.* | *Сабақтың әр кезеңіне құрастырылған жетістік критирийлер арқылы бағалау.* | *Пәнаралық байланыс – география*<br>***АКТ:*** *http://bilimland.kz/kk/home*<br>*http://imektep.kz* |